

келтірілген. Құрамы әртүрлі 4 жасанды қоректік орталарға тәжірибелер жүргізіліп, олардың каллус түзуге қолайлысы №₆ қоректік орта ретінде таңдал алынған. Сондай ақ қызанақтың тозаңқаптарының каллус түзуі дақылдың сорт ерекшеліктеріне де байланысты болатындығы анықталған.

Four modified nutrient media, the induction of callus formation in breeding lines of a tomato for protected ground by pollen culture are given.

УДК 631.531
IN VITRO ЖАҒДАЙЫНДА ҚӨБЕЙТІЛГЕН КАРТОП ӨСІМДІКТЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тоқбергенова Ж.А.

Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы гылыми-зерттеу институты

Тұқымдық картоп сапасы мен өнімділігі күрделі факторлар жиынтығына: егістікке отырығызған тұқымның сапасына, сорттардың биологиялық ерекшеліктеріне, танаптағы өсіру жағдайларына және т.б байланысты. Картоптың үздіксіз кебеюі нәтижесінде және репродукциясы артқан сайын оның саңырауқұлақ, вирус, бактериялық ауруларға шалдығуы да артады. Сондықтан, озық әрі тиімді технологияларды қолданып, оның тұқымын жаңартып отырудың дақыл өнімі мен сапасын көтеруде маңызы зор.

Қазіргі кезде вирус ауруларынан сауықтырылған картоптың басты материалын алу мақсатында ауылшаруашылық биотехнология әдістері, оның ішінде, дақылды микроклонды қебейту тәсілі жи қолданылады.

Қазақтың картоп және көкөніс шаруашылығы гылыми-зерттеу институтында термотерапия мен ұштық ұлпа әдісін қатар қолдану арқылы картопты вирусты аурулардан сауықтыру, олардан регенерант-өсімдіктер алып, *in vitro* жағдайында жедел қебейту жұмыстары жүйеге қойылған.

Картопты өсіру жағдайларына байланысты арнайы жасанды қоректік орталар дайындалып, әрбір сорттың биологиялық ерекшеліктеріне қарай, олардың құрамы өзгеріліп, жетілдіріліп отырады. Микроклонды қебейту әдісінің картоп тұқым шаруашылығында қолданылатын басқа дәстүрлі әдістерден айырмашылығы – қысқа мерзімде өсімдіктердің кебею коэффициентін арттырудагы тиімділігі.

Биотехнология зертханасында микроклонды қебейту әдісін қолдану арқылы жыл сайын 30-40 мың картоп өсімдіктері қебейтіліп, ашық танапқа отырығызылып, олардан 180-200 мыңға дейін аурулардан сауықтырылған тұқымдық түйнектер алынады.

Сонымен қатар, картоп дақылдың сауықтырылған сорттар коллекциясын қалыптастырып ұстау және сактау үшін, дақылдың тұқым шаруашылығындағы тиімділігін, сапасын және өнімін арттыру үшін *in vitro* жағдайында микротүйнектер, ашық танапта минитүйнектер алынады.

Жұмыстың мақсаты – *in vitro* жағдайында жедел қебейтілген картоп өсімдіктерін, микротүйнектер мен минитүйнектерді ашық танапта морфобиологиялық белгілері бойынша зерттеу.

Зерттеу нысандары – Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы гылыми-зерттеу институты селекциясынан шығарылған, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағында аудандастырылған, вирусты аурулардан сауықтырылған картоптың Ақсор, Тамыр және Тоқтар сорттары. Ашық танапта өсіруге пайдаланылған бастапқы тұқым үлгілері: картоптың сыйнауықтағы немесе пробиркадағы өсімдіктері, микротүйнектер және минитүйнектер.

Тұқым шаруашылығының бастапқы питомнігіндегі бақылау, өлшеу және бағалау жұмыстары төмендегідей әдістемелер бойынша жүргізілді:

- фенологиялық бақылау арқылы негізгі фазалардың басталуы, толысусы және аяқталуы белгіленді;
- биометриялық өлшеу нәтижесінде өсімдік біктігінің серпінділігі, сабактарының саны анықталды;
- жапырақтардың ауданы өлшеу әдісі бойынша анықталды;
- картоп өнімділігі әр түрткін алынған түйнектердің салмағын өлшеу арқылы тіркелді.

Тәжірибе 2006-2008 жылдары Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы гылыми-зерттеу институтында, картоп тұқым шаруашылығының бастапқы питомнігінде жүргізілді.

Егістік күтімі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағының тау бөктері жағдайында картоп өсіру үшін ұсынылған белгілі агротехникалық тәсілдерді қолдану негізінде жүргізілді.

Фенологиялық бақылау деректерін талдау нәтижесінде картоп тұқымының әр түрлі үлгілерінің вегетациялық кезеңдері мен олардың өсіп-дамуы анықталды. 2006-2008 жылдардағы сынаулған барлық картоп сорттарының ішінде, топырақта отырғызған күннен бастап, жер бетіне өніп шығуы минитүйнектерде 20-24 тәулік, ал микротүйнектерде 25-32 тәулік аралығында (сорт ерекшеліктеріне байланысты) ауытқытындығы, яғни, минитүйнектер микротүйнектерге қарағанда, 5-8 тәулік бұрын топырақ бетіне өніп шығатыны анықталды (1-кесте). Ал сынауықтағы немесе пробиркадағы өсімдіктер ашық танапқа көшет күйінде отырғызылатындықтан, «ottyрғызған күннен бастап жер бетіне өніп шыққанға дейінгі тәуліктер саны» көрсеткішіне бақылаулар жүргізілген жоқ. Бұршіктену мен гүлдеу кезеңдеріндегі көрсеткіштері бойынша да минитүйнектердің дамуы сынауықтағы өсімдіктер және микротүйнектермен салыстырғанда, 5-9 және 5-16 тәулікке ертерек басталатындығы белгілі болды. Сонымен қатар, тәжірибе барысында, микротүйнектердің вегетациялық мерзімі сынауықтағы өсімдіктер мен минитүйнектерге қарағанда ұзақ екендігі анықталды.

1-кесте. Картоптың бастапқы тұқым үлгілеріне байланысты фенологиялық фазасы (2006-2008 жж.).

Сорттар	Бастапқы тұқым үлгілері	Тәуліктер саны:		
		отырғызған күннен бастап жер бетіне өніп шыққанға дейін	жер бетіне өніп шыққаннан бастап толық бүршік жарғанға дейін	жер бетіне өніп шыққаннан бастап толық гүлдегенге дейін
Ақсор	Сынауықтағы өсімдіктер	-	36	52
	Микротүйнектер	29	39	60
	Минитүйнектер	24	31	48
Тамыр	Сынауықтағы өсімдіктер	-	39	57
	Микротүйнектер	32	44	63
	Минитүйнектер	24	33	50
Токтар	Сынауықтағы өсімдіктер	-	30	47
	Микротүйнектер	25	35	58
	Минитүйнектер	20	26	42

Микротүйнектердің фенологиялық фазасының кешігіп етуі оның өсуіне де әсер етті (2-кесте).

2-кесте. Картоптың бастапқы тұқым үлгілеріне байланысты биометриялық өлшемдер көрсеткіші (2006-2008 жж.)

Сорттар	Бастапқы тұқым үлгілері	Өсімдік биіктігі, см	Бір түптегі	
			негізгі сабактардың саны, дана	қосымша сабактардың саны, дана
Ақсор	Сынауықтағы өсімдіктер	43,6	1,0	6,6
	Микротүйнектер	36,9	2,3	7,0
	Минитүйнектер	53,4	5,3	5,8
Тамыр	Сынауықтағы өсімдіктер	44,7	1,0	8,0
	Микротүйнектер	35,0	1,5	8,6
	Минитүйнектер	57,0	5,6	7,0
Токтар	Сынауықтағы өсімдіктер	40,9	1,0	5,2
	Микротүйнектер	32,2	1,3	5,5
	Минитүйнектер	48,0	3,4	5,0

Өсімдік сабактардың өсу динамикасы картоптың сорт ерекшеліктеріне және тәжірибе жүргізілген жылдардағы ауа-райы жағдайына байланысты екендігі белгілі болды. Сабактың биіктігі жағынан минитүйнектер сынауықтағы өсімдіктермен салыстырғанда, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Олар сынауықтағы өсімдіктерге қарағанда 9,8-17,1 см-ге биік болды. Гүлдеу кезеңінде ең биік өсімдік картоп Тамыр сорты минитүйнектерінде белгіленді, оның сабактың биіктігі 57,0 см. Керісінше, ең алса бойлы өсімдік Токтар сорты микротүйнектерінде болды 32,2 см.

Дақылдың вегетациялық мерзімінде негізгі және қосымша сабактар саны да әр түрлі болды. Әдетте, сынауықта өсірілген картоп сабактардың саны 1 фана болады. Микро және минитүйнектердің негізгі сабактары сорт ерекшеліктеріне қарай 1,5 пен 5,6 дана аралығында ауытқыды. Ал қосымша сабактар саны барлық сорттар микротүйнектерінде ең жоғары (5,5-7,0 дана) болды.

Вегетациялық мерзімде ең жоғары жапырақ ауданын қалыптастырылған бастапқы тұқымның минитүйнектер үлгісі болды (3 кесте).

3-кесте. Картоп өсімдіктерінің вегетациялық мерзіміндегі жапырақ ауданы мен өнімділігі (2006-2008 жж.).

Сорттар	Бастапқы тұқым үлгілері	Бір түп өсімдіктерінің жапырақ ауданы, см ²	Бір түптен алынған түйнектер саны, дана	Бір түптен алынған картоп өнімділігі, г
Ақсор	Сынауықтағы өсімдіктер	2675,2	6,4	320,0
	Микротүйнектер	2867,0	8,3	300,0
	Минитүйнектер	5900,1	6,0	406,0
Тамыр	Сынауықтағы өсімдіктер	3128,0	7,2	400,0
	Микротүйнектер	3225,0	8,5	311,5
	Минитүйнектер	6055,0	6,8	507,0
Токтар	Сынауықтағы өсімдіктер	2379,0	5,8	300,0
	Микротүйнектер	2426,5	6,9	250,0
	Минитүйнектер	5210,0	5,3	398,5

Кестедегі деректер көрсеткендегі, сыналған картоп сорттарының бастапқы тұқым үлгілері ішінде, өсімдіктердің орташа жапырақ ауданы олардың генотипіне қарай 2379,0 – 6055,0 см² аралығында болды. Ең үздік жапырақтылығымен Тамыр сорты минитүйнектері ерекшеленді (6055,0 см²). Сынауықтағы өсімдіктер мен микротүйнектердің фенологиялық fazасының ұзақтау мерзімге созылуына байланысты, олардың өнімділігі де минитүйнектерге қарағанда, тәмен көрсеткіштерге ие болды. Барлық сорттардың бастапқы тұқым үлгілері ішінде минитүйнектерден жоғары өнім алынды (398,5-507,0 г). Алайда, түйнектерінің саны жағынан басқа нұсқаларға қарағанда, микротүйнектер көрсеткіші басым болды (6,9-8,5 дана).

Сонымен зерттеулер нәтижесінде, картоптың көбөю коэффициентін арттыруда сынауықтағы өсімдіктер мен микротүйнектерді, тұқым өнімін арттыруда ашық танапқа минитүйнектерді отыргызуудың маңыздылығы анықталды.

* * *

В статье приведены данные по изучению биологических особенностей оздоровленного на основе методов биотехнологии картофеля в зависимости от вида посадочного материала.

In article are brought on study of the biological particularities in base of the methods to biotechnologies of the potatoes depending on type of the landing material.

УДК 631.8:633.49

КАРТОП ШАРУАШЫЛЫҒЫН КӨТЕРУДІҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ – ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢДАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Салихов Т.К.

Жәңір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Картоп дақылы Батыс Қазақстан облысында кеңінен өсірілетін дақыл, бірақ, түрлі себептерге байланысты облыста әлі күнге дейін картопқа деген сұранысты толықтай қамтамасыз ете алмай отыр. Картоптан алынатын өнім мөлшерін көбейту дақыл өнімділігін арттыру арқылы жүргізілуге тиіс.

Облысымызда қазіргі уақытта өндірілетін картоп өнімдерінің негізгі белігін (93%) жеке шаруашылықтар өндіреді. Картоп өндіру технологиясының басты кемшілігі – аймақта тұқымдық картоп түйнектерінің жетіспеушілігі. Аталған кемшілікті жою мақсатында бүтінгі күні арнағы шаруашылықтар құрылуда, болашақта олар ең жоғарғы өнімді тұқымдық картоп түйнектерін 3000 тоннаға жеткізіп, халыққа ұсынады деп жоспарлануда.

Осыған байланысты 2004 жылы шалғынды күнгірт қара-қоңыр орташа саздақты топыраққа өсімдік шаруашылығы және егіншілік кафедрасында далалық тәжірибе жүргізілді. Жана органикалық тыңдайтқыштар – биогумустар әсерін және көң мен сидераттың аясында биогумустың картоптың өсуіне, дамуына, өнімділігіне және оның сапасына әсері анықталды.

Зерттеудің басты мақсаты – облыс қөлемінде картоп дақылында жаңа органикалық тыңдайтқыштарды қолданудың картоп өнімділігіне, топырақ құнарлығын сактауға, оны арттыруға әсерін анықтау және экологиялық қауіпсіз өнім алу жолдарын қарастыру.